

Байтенова Н.Ж., * Камалова Ф.Б., Кантарбаева Ж.О.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., *e-mail: fenyu_0490@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ЫҢҒАЙЛАРЫ МЕН ӘДІСТАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Осы мақалада Қазақстанның киелі, қасиетті жерлеріне қағида тұрғысында кеңестік, атеистік тәсілден діни қасиеттілікке өту ерекшелігіне талдау беріледі. Осы күнге дейін еліміздегі киелі, қасиетті жерлерді зерттеу бір жүйеге келтірілмегендіктен бірыңғай жүйегелендіру мақсаты қойылды әкелетін боламыз. Әрине, өткен тарихты жаңадан ұғыну, Қазақстанның киелі жерлерін түсінуге әрекеттену заманауи тұрғыда жүзеге асырылуы қазіргі таңда еліміздегі өзекті мәселелердің біріне айналуға. Сондықтан, осы мақаланың мақсаты – Қазақстан территориясында табылған киелі орындарды жүйелеу, ұлттық бірегейліктің негізін нығайту, өзіміздің киелі жерлеріміз бен мәдениетімізді зерттеу арқылы ұлттық кодымызды жаңғырту болып табылады. Бұған себеп, негіз болған Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Онда, киелі, қасиетті жерлерімізді зерттеп, танып-білу арқылы ғана біз мәдениетімізді, санамызды, қоғамымызды рухани жаңғырта аламыз деп ерекше атап өтілген. Ал жаңғырудың жоғарғы шыңына жетіп, халқымыз рухани байлыққа мол кемелденсе, сонда ғана әлемде дамыған отыз елдің қатарына кірудің бірден-бір мүмкіндігі туады.

Сондықтан, Қазақстанның киелі жерлерін зерттеудің әдістамалық негіздері қазіргі таңдағы Қазақстанның киелі жерлерін анықтауда алға қойылған мәселелердің бірі болып отыр. Осы тұрғыда біршама жұмыстар жасалынып жатыр. Ол жұмыстар туралы талдау мақаланың негізгі бөлімінде баяндалады.

Түйін сөздер: Қазақстан, жаңғыру, Қазақстанның киелі жерлері, ұлттық код, қоғамның рухани өмірі.

Baitenova N.Zh., Kamalova F.B., Katarbaeva Zh.O.

Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, *e-mail: fenyu_0490@mail.ru

Methodological Foundations and Approaches to Research Sacral Places of Kazakhstan

This article analyzes the features of the transition from the Soviet atheistic approach to religious holiness to the holy places of Kazakhstan. We will cite the sacred places of Kazakhstan in a single system, as they have not been systematized to this day. Of course, modern understanding of past history, attempts to understand the sacred places of Kazakhstan is one of the most pressing problems in our country today. Therefore, the purpose of this article is to systematize sacred places found on the territory of Kazakhstan, strengthen the foundations of national identity, modernize our national code, study our sacred places and cultures. The reason for this is the President's article "Looking into the Future: Modernizing Public Consciousness." Only by studying sacred places can we revitalize our culture, our consciousnesses, our society. And if we reach the top, and our people become spiritually rich, only then is there an opportunity to enter the top thirty of the developed countries of the world.

Therefore, the approaches and methodological bases for studying the sacred places of Kazakhstan are one of the problems facing Kazakhstan today. A lot of work has been done in this regard. Details of this work are written in the main part of the article.

Key words: Kazakhstan, modernization, sacred places of Kazakhstan, national code, spiritual life of the society.

Байтенова Н.Ж., Камалова Ф.Б., Кантарбаева Ж.О.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, *e-mail: fenyu_0490@mail.ru

Методологические основы и подходы исследований сакральных мест Казахстана

В данной статье анализируются особенности перехода от советского атеистического подхода к религиозной святости в отношении к святым местам Казахстана. Мы приведем в единую систему святые места Казахстана, так как они до сегодняшнего времени не систематизированы. Конечно, современное понимание прошлой истории, попытки понять священные места Казахстана – одна из актуальных проблем нашей страны сегодня. Поэтому цель этой статьи – систематизировать священные места, найденные на территории Казахстана, укреплять основы национальной идентичности, модернизировать наш национальный код, изучая наши священные места и культуры. Этому причиной является статья Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Только изучая святые и священные места, мы можем оживить нашу культуру, наше сознание, наше общество. И если мы достигнем до вершин и наш народ станет духовно богатым, только тогда есть возможность войти в тридцатку развитых стран мира.

Поэтому подходы и методологические основы изучения священных мест Казахстана – одна из проблем, стоящих перед сегодняшним Казахстаном. В этом отношении проделано много работ. Подробности описаны в основной части статьи.

Ключевые слова: Казахстан, модернизация, сакральные места Казахстана, национальный код, духовная жизнь общества.

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналуға. Оған себеп Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың [5] «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жергілікті нысандар мен елді-мекендерге бағытталған, халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған, біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Бірақ осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруге тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Сондықтан мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды

жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз» деген еді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез-келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі.

Қазақстанның киелі жерлерімен танысу және танытудың түп мақсаты Қазақстан территориясында табылған киелі орындарды жүйелеу, ұлттық бірегейліктің негізін нығайту, өзіміздің киелі жерлеріміз бен мәдениетімізді зерттеу арқылы ұлттық кодымызды жаңғырту болып табылады.

Расында елімізде киелі, қасиетті саналатын жерлер көп. Бірақ оның не себепті киелі екенін көбіміз біле бермейміз. Бұл ретте қасиетті, киелі жерлерді жүйелі түрде реттеп, тіркеп, халыққа насихаттаудың маңызы зор.

Зерттеудің әдістемесі

Бұл мақалада тарихи-логикалық қайта құрастыру, құрылымдық-қызметтік талдау, компаративистикалық, герменевтикалық талдау әдістері қолданылады.

Бүгінде еліміздің әр түкпірінде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы қызу талқыланып, қолдау тауып, жүзеге асырылуда.

Барлық облыстар мен аймақтарда жұмыс топтары құрылып, олар өз тізімдерін жасап, ұсынуда. Айта кету керек, Елбасы ұсынған қоғамдық сананы жаңғырту аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанынан «Сақралды Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Өз кезегінде мұнда алдыңғы қатарлы ғалымдардың, археологтардың, тарихшы-этнографтардың және өлкетанушылардың қатысуымен сарапшылар тобы құрылды. Жалпы, жұмыстың басталғанына шамамен төрт ай болды. Осы аралықта жоғарыдағы сараптамалық кеңеске өңірлерден қасиетті орын-нысанға үміткер есебінде 1000-ға тарта тізім келіп түскен. Сараптамалық кеңес осылардың ішінен 100 нысанды жалпыұлттық деңгейлі, 500 нысанды жергілікті маңызы бар қасиетті орын-нысан қатарына енгізген. Сарапшылар бұл тізім болашақта әлі де толығымен мүмкін дейді [9, 6-7].

Биыл еліміздің алты бағыты (Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан) бойынша ғылыми-зерттеу және дала экспедицияларын өткізу жоспарланған. Бұл шараға танымал ғалымдар, тарихшылар, археологтар, этнограф, өлкетанушылар, облыс, Астана, Алматы қалалары мәдениет басқармалары, облыстық (қалалық) тарихи-өлкетану музейлерінің, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі орталықтардың (инспекциялар) және республикалық музей-қорықтардың басшылары қатысатын болады.

Жұмыс барысында киелі объектілерді іріктеудің критерийлері жасалды. Киелі объектілердің қатарына археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше құрметтелетін діни объектілер, сонымен қатар тарихи тұлғалар мен саяси оқиғалармен байланысты киелі жерлер жатқызылатын болады.

Тәуелсіздігімізге дейінгі еліміздегі киелі жерлердің жай-күйі. Тарих – ұлттық құбылыс. Оның ақиқатын, тылсым сырын ашу үшін бірінші кезекте халықтың, биліктің, тұлғаның, яғни тарихты түзушілердің барша өмірі мен қаракеті неден күш алатынын, қайда табан тіреп тұрғанын анықтау қажет [3,355]. Империялық биікке көтерілген испан, ағылшын, орыс, француз қауымы үшін материалдық өндіріс, табыс, соғыс маңғызды болса, отар немесе аграрлық қауымға тарих

дөңгелегін айналдыруға басқа өлшем бар. Ұлы дала елінің тарихын көктей шола отырып, оның мазмұны мен ерекшеліктерін анықтаған, тарихи оқиғаға, үдеріске, тіпті тұлғаға тұғыр, базис болған нағыз түпжаратушыдай үш байлықтан ажырамау керек екеніне иландық. Бірінші тұғырлы байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет.

Сондықтан біз өз киелі жерлерімізді зерттеу арқылы ұлттық кодымызды нық орнатуға талпыну үрерісіндеміз. Ұлттық кодымызды орнату арқылы біз төл тіліміз – қазақ тілін бір жола қоғамдық санаға бекітеміз. Ал осыдан тіліміз бен ділімізді, әдет-ғұрпымыз бен ұлттық нақышымызды нық бекіткен ұлт болсақ онда мемлекетімізде рухани жаңғыра береді.

Тәуелсіздігімізге дейін де елімізде киелі жерлер болған. Бірақ, олар дамымаған, ешкім зерттемеген, тарихтан қалған мұра болып қала берген.

Сонымен қатар, киелі жерлер халық арасында қолданысқа ие болған. Халық киелі жерлерге барып зиярат етіп отырған, ата-баба рухын ардақтаған. Оған дәлел, *Арыстан баб кесенесі* – XX ғасыр басындағы сәулет ескерткіші [1]. Бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады. Аңыз бойынша Арыстан баб Мұхаммед пайғамбардың елшісі болған. Бір күні Мұхаммед пайғамбар өзінің шәкірттерімен құрма жеп отырған еді. Бір құрма қайта-қайта ыдыстан құлай беріп, пайғамбар ішкі дауысты естіді: «Бұл құрма Сізден кейін 400 жыл алдағы уақытта туылатын мұсылман бала Ахметке арналған». Сонда пайғамбар шәкірттері ішінен бұл құрманы кім иесіне жеткізетінін сұрайды. Ешкім сұранған жоқ. Пайғамбар сұрақты қайта қойғаннан кейін, Арыстан баб былай деді: «Егер Сіз Алла Тағаладан 400 жыл сұрап берсеңіз мен бұл құрманы иесіне жеткіземін». Халық аңыздарынан және жазба деректеріне қарағанда («Рисолаи Сарем-Исфижоб» және Ф. Куприлизада кітабы) Арыстан баб Ахмет Яссауидің ұстазы болып құрманы жеткізеді. Тарихи деректер бойынша XII-XVIII ғасырларда кесене бірнеше рет қайта салынып, қайта жаңартылды. *Қожа Ахмет Яссауи кесенесі* – Түркістан қаласы қазақ хандығының ең бірінші астанасы. Қаланың көне атауы – Яссы. Яссы Ұлы Жібек Жолының сауда орталығы және округі болған. XII ғасырда әсіресе Қ.А Яссауи көшіп келген соң ерекше атаққа ие болған. Оның өлімінен кейін сол жерде кейін киелі жерге айналған үлкен кесене салынды. Алтын Орданы жеңіп алған соң Әмір Темір үлкен мазар орнатты.

Бірінші салған күйінде ол әлі сол қалпында 6 ғасыр сақталған. Кесене айналасында көптеген басқа да құрылыстар бар: Рабиға Сұлтан-Бегім кесенесі (XV ғасыр, XIX ғасырдың 2-ші жартысында қиратылып, 1980 жылы қайта салынды), Есім хан (XVII ғасыр) және т.б. бар. *Қарашаи ана кесенесі* – Сайрам орталығында орналасқан бұл табиғи ескерткіш XIX ғасырға жатады. Алғашқы кезде кесене XIII ғасырда салынған. Тағы осылар сияқты киелі жерлер көп болған.

Алайда еліміз Кеңес Одағы құрамы кезінде бұл жерлерге зерттеу жұмыстары баяу жүргізіліп отырған.

Тәуелсіздіктен кейінгі еліміздегі киелі жерлер мәселесі. Ал енді Тәуелсіздікті алғаннан кейін еліміз үлкен болашаққа қадам басты. Өзінің тәуелсіздігін жариялаған соң, Президентіміз сайланды, жаңадан Үкіметіміз қалыптасты, мемлекетіміздің негізгі Ата Заңы – Конституциямызды қабылдадық, тілімізді, дінімізді, төл теңгемізді бекіттік. Сонымен бірге, ұлттық нақышымызды, рухани байлығымызды да жаңғырттық.

Мемлекеттік мәдени саясаттың басты мәселесі ретінде адамдардың рухани байлығын арттыру, еңбек пен халық тұрмысының биік мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаның зиялылығын жан-жақты дамыту, халықтар арасындағы өзара қарым-қатынастың беріктігін қамтамасыз ету, сондай-ақ, Қазақстанда тұратын халықтардың көпғасырлық мұрасын сақтау, мәдениетті биік сатыларға жеткізу үшін мемлекеттік деңгейде моральдық және материалдық қолдау жасау мәселелері қойылды.

Бұрынғы Қазақ КСР-і кезіндегі қолданыста болған «Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау әрі қорғау» жөніндегі Заңның (1978 жылғы) орнына жаңадан «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау және сақтау» Заңының қабылдануы маңызды рөл атқарды. Бұл Заң елімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістердің, нарықтық қарым-қатынастардың өркендеуінің, меншік, жер, жекешелендіру туралы жаңа Заңның қабылдануының, ескерткіштерді сақтау жөніндегі бұрынғы Заңның аясындағы мемлекеттің монополия жүйесін және қоғамдық-экономикалық қарым-қатынастарды өзгертудің негізінде пайда болды. Сонымен қатар, ескерткіштердің бұзылуы, тіпті жойылып кету қауіптері де туындады. Осындай жағдайлардың бәрі мәдени мұраларды қорғауға байланысты жаңа заңды қабылдауға мұрындық болды. Бұрынғылармен салыстырғанда, жаңа Заңның ерекшелігі, мұнда материалдық ескерткіштер секілді рухани мәдениеттің де түрлеріне толық классификация

берілді. Тарихи-мәдени мұраларды Қазақстан халықтарының рухани-мәдени ахуалын дамыту мақсатында, сонымен қатар, ғылыми әрі, тәрбиелік мақсатта пайдалану заңды түрде бекітілді. Әсіресе, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа халықтардың мәдени деңгейін көтеру үшін республикадан тыс жерлерден тарихи отанына жинақталынып әкелінген мәдени құндылықтарды қолдану Заңда ерекше орын алды. Азаматтардың құқықтық негіздері де мәдениет саласында өзінің өркендеу жолын тауып, 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған мемлекеттік Конституцияның 19 бабында әр азаматқа шығармашылықпен айналысу барысында ана тілі мен мәдениетін қолдану еркіндігінің құқығы қорғалды. Сонымен қатар, Конституция шығармашылықпен айналысуға және сөз бостандығына кепілдік беріп және онда әлеуметтік жағдайларға, ұлтқа, дінге, туыстық ерекшеліктерге байланысты кері әрекеттер мен заңсыздыққа жол берілмейтіндігі айтылды [4, 208]. Осы орайда ерекше айта кететін жайлардың бірі, әлеуметтік сфераның басқа салалары сияқты құқықтық салада да қарқынды серпілістер бой алды. 1991-1995 жылдары мәдениет әлемінде «Тарихи-мәдени мұраларды пайдалану және қолдану» атты бір ғана заң қабылданды. «Мәдениет туралы» Заң жобасы тек 1991 жылы ғана қаралып, бірнеше рет республиканың Жоғарғы Кеңесіне қарауға жіберіліп, бірақ әр жолы заң жобасы түрлі себептердің әсерінен аяқсыз қалдырылды. Оның соңғы нұсқасы 1996 жылдың 24 желтоқсанында бекітілді. Сол себептен де заң актілерінің іргетасының дұрыс қаланбауы елдің мәдени әлеуметіне әсер етіп, оны жалпы мемлекеттік сипаты жоқ, уақытша әрі аясы тар министрліктің нормативтік актілеріне тәуелді етті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мәдениеттің дамуындағы ерекшеліктер елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жайларға тікелей қатысты болды. Елдің егемендік алып, дербестікке қол жеткізуі қазақстандықтардың рухани өміріне де айтарлықтай әсерін тигізбей қоймады. Осы кезеңдерде мәдени саланың демократизациялану үрдістері күшіне енді. Көп ұлтты Қазақстанда тұратын қазақтар мен басқа этностардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, мәдениетімізді қайта жаңғыртуға байланысты белсенді де қарқынды серпілістер басталды. Мәдениет тәуелсіздіктің өтпелі кезеңіндегі экономикалық дағдарыстың, әлеуметтік-саяси тұрақсыздықтың (саяси және әлеуметтік өзгерістер) сынынан өтті. Сондай-ақ, Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстардың

рухани деңгейін көтеру жұмыстары да уақытылы дұрыс жолға қойылды. Қазақстан жерінде түрлі іс-шаралардың, іскерлік кездесулердің өтілуі барысында әлем жұртшылығының тәуелсіз Қазақстанға деген қызығушылығы байқала бастады [6, 272]. Осындай жүргізіліп жатқан маңызды шаралардың арқасында Қазақстан әлемдік қауымдастық назарына ілігіп, бірқатар беделі үстем халықаралық ұйымдарға мүше болып үлгерді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Қазақстанның мәдени мұрасы» мемлекеттік бағдарлама іске асырылды. Бағдарлама халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құруды қарастырады [10, 81].

Бағдарлама тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамыту сабақтастығын, еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау және зерделеумен байланысты негізгі аспектілерді анықтайды, мәдени мұраны зерделеудің тұтас жүйесін жасауды, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүрлер, жазба және ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтау, ғылыми және көркем сериялар құру бойынша, сондай-ақ тарихи-мәдени ескерткіштерді реставрациялау, консервациялау және мұражайландыру, мәдени мұра мәселелерін топтастыратын материалдық-техникалық, ғылыми-зерттеулерді дамыту мен нығайтуды қарастырады. Бағдарламаны әзірлеу мәдени құндылықтарымызды тиімді пайдалану және сақтау жөніндегі жұмыстарды жоспарлы қаржыландыру жолында мәдени мұра саласындағы қордаланған жағдайларға барынша белсенді, сындарлы түрде кірісу қажеттігімен негізделген. «Мәдени мұраның» басты мақсаты – елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу.

Осыған орай, елімізде жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тарихи киелі жерлеріміз қайта жанданды. Қазақстанның киелі жерлері даму үрдісінде қарқынды түрде дамыды.

Қазіргі кездегі Қазақстандағы киелі жерлерді зерттеу мәселесі. «Киеліден» туындайтын қазақ әлемінің гуманистік және жасампаз әлеуетін өзімізге де, өзгеге де түсіндірудің маңызы зор. Бодандықтағы үш ғасырға жуық уақыт ішінде киелі жерлеріміз аз бүлдірілген жоқ. Жоғарыда айтып өткендей, біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», деген ой-түйіндер, біріншіден, ұлттық коддымыздың тынысын кеңейтуді көздейді, екіншіден, ономастикалық міндеттерімізді тиянақтап тұр, үшіншіден, ең бастысы – қазақ қазақ қалпында ғана жаһандық бәсекеге төтеп бере алатынын еш бүкпесіз жайып салды. Турасын айтқанда, тәуелсіздіктің ғұмырын ұзартып, «Мәңгілік Елге» айналу, үшінші жаңғыру үшін бізге қазақ болып қалғаннан басқа жол жоқ.

Танымдық тұрғыдан киелі жерлерге негіз жатқызуға болады? Біздің ойымызша, олар төрт топтан тұрады: біріншісі – ислам діні келгенге дейінгі арғықазақтардың салт-дәстүрі мен ритуалдары орындалатын жерлер. Мәселен, Наурыз мейрамы қарсаңында Маңғыстаудағы Оқпантауда алау жағу дәстүрі. Екіншісі – ислам дініне байланысты қасиетті саналатын нысандар. Бұл орайда ежелден белгілілері мен кейбір пысықайлардың өз пайдасы үшін аяқ астынан ойлап тапқан нысандарды шатастырмау керек. Үшіншісі – ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты киелі жерлер. Айталық, 2012 жылы Астанада, биылғы 31 мамырда Алматыда ашаршылық құрбандарына ескерткіш ашылды. Қазірдің өзінде олар жас пен кәрінің тәу ететін құндылығына айналуға. Төртіншісі – тылсым сырлары ғылыми талданбаған, бірақ адамға, оның денсаулығына пайдалы немесе зиянды әсері күдік-күмән тудырмайтын жерлер.

Бұлардың киелі аталатын себебі – адамдарды руына, тайпасына қарай алаламай, өзіне тартып тұратыны, оларға жақсылық сыйлайтыны, алдағы күнге сенімін арттыратыны.

Қазақстанда киелі жерлер, нысандар баршылық. Алдымен осылардың мемлекеттік тізімін жасау керек. Келесі міндет – мәртебесін – халықаралық, республикалық, жергілікті –

анықтау. Ең маңыздысы – әрқайсына қатысты байтақ зерттеу жүргізіп, аңыз, хикаяларын, деректерін жинау. Қасиетті рухани құндылықтарды ұлықтаудың соңғы нүктесі арнайы заң қабылдаумен қойылатынынан үміттіміз. аубай

Айтып кету керек, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асырудың негізгі қағидаларының бірі кеңкөлемді кешенді зерттеу жүргізу, материал жинақтау, Қазақстанның барлық киелі объектілерін дала-этнографиялық экспедициялар негізінде жүйелеу болып табылады.

Қазақстанның киелі 100 нысаны жарияланды [7]. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл тізім өңірлік комиссияның ұсынысымен және сарапшылар кеңесінің ғалымдары мен өлкетанушыларының пікірлерін ескере отырып құрастырылған. Оған Қазақстанның табиғи ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары енген. «Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері» санаты бойынша тізімге 9 орын – Ұлытаудағы Ақмешіт Әулие биігі, «Хан Тәңірі» шыңы, Алтайдағы Мұзтау шыңы, Шарын каньоны, Қазығұрт тауы, Жамбақы тауындағы және Абай ауданындағы «Қоңыр әулие» үңгірлері, «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені, «Бектау ата» тауы және үңгірі және Жылаған ата үңгірі енгізілді. «Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары» санатымен 13 орын: Қойлық қалашығы, Жанкент қалашығы (V-XV ғғ.), Сығанақ қалашығы (VI-XIX ғғ.), «Шірік-Рабат» қалашығы, «Жент» қалашығы, «Ежелгі Тараз қалашығы» (I-XIX ғғ.), Сарайшық қалашығы (XIII-XVI ғғ.), Сауран қалашығы (XIII-XVIII ғғ.), Отырар қалашығы (I-XVIII ғғ.), Созақ қалашығы (X-XVIII ғғ.), Сайрам (Исфиджаб) қалашығы (XIII-XVII ғғ.), Ақкөл-Жайылма қалашығы және «Жайық» (Теке) қалашығы тізімге енді. Сонымен бірге, аталған тізімге «Діни және ғибадат орындары» болып табылатын Қазақстанның 32 орны енгізілді: Қ.А. Яссауи кесене-кешені (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғ., Үлкен Қылуат XII ғ., Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гауһар ана кесенесі), Арыстан баб кесенесі (XII ғ.), Ибраһим ата кесенесі (XI-XII ғғ.), Қарашаш ана кесенелері (XI-XII ғғ.), Қарабура кесенесі, Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесі, Бәйдібек би кесенесі, Домалақ ана кесенесі, Үкаш ата мазары (IX-X ғғ.), Исмайл ата сәулет кешені (XI-XIX ғғ.), Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері (Оғыланды жеріндегі Бекет ата XVIII ғғ.,

Шопан ата X-XIX ғғ., Көне Бейнеу және Бекет ата XI-XIX ғғ., Қараман ата, XIII-XIX ғғ., Масат ата, X-XIX ғғ., Шақпақ ата IX-X ғғ., Сұлтан-епа б.д. X-XIX ғғ.), Сисем ата қорымы (XIII-XIX ғғ.), Абат-Байтақ кесенесі (XIV-XV ғғ.), Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, «Екідін» (Сарыторғайдағы ерте кезең ескерткіштері), Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазары, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кесенесі, «Оқшы ата» кесенесі, «Қорасан Ата» кесенесі мен «Төлегетай-Қылышты ата» кешенді-мазары (XI-XII ғғ.), Тектұрмас кешені (XIV ғ.), Қарахан кесенесі (XII ғ.), Айша бибі кесенесі мен Бабажы Хатун мазары (XI-XII ғғ.), Бегім ана мұнарасы (X-XI ғғ.), «Қорқыт ата» мемориалды кешені, Ұшқан ата қорымы, Ақмешіт қорымы, «Бұқар жырау» кесенесі, Ырғызбай Ата кесенесі, Вознесенск кафедралы шіркеуі, «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер кешені, Құнанбай қажы мешіті және Христос Спаситель шіркеуі (XIX ғ.). Тарихи тұлғаларға қатысты киелі 20 орын – Жиренқопадағы «Қобыланды батыр» мемориалдық кешені, Есім хан кесенесі (XVII ғ.), «Абылай хан» алаңы, «Хан моласы» мемориалдық кешені (XVIII ғ. Әбілқайыр хан), «Абылай хан резиденциясы» кешені, «Қабанбай батыр» кесене-қорымы, «Райымбек батыр» кесенесі, Тама Есет Көкіұлы кесенесі (XVIII ғ.), Қарасай және Ағынтай батырлардың мемориалдық кешені, Махамбет Өтемісұлының кесенесі, 1916 жылғы көтеріліс басшылары кесенесі (Амангелді Имановтың бейіті; Әбдіғаппар және Кейкі батыр кешені), А. Байтұрсыновтың Алматыдағы үйі, Ш. Уәлихановтың Алтынмелдегі мемориалдық кешені, «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, Ы. Алтынсарин кесенесі, Ж. Жабаев кесенесі, Ф.М. Достоевскийдің Семейдегі әдеби-мемориалды үйі, Міржақып Дулатовтың кесенесі, Тарас Шевченконың мемориалды кешені және Теміртаудағы Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы «Киелі орындар» тізімінен көрінді.

Айта кетейік, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы қызметінің негізгі мақсаты – өлкетану бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы, өлкетану саласындағы ағартушылық жұмыс, республикадағы өлкетану жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық өлкетану ұйымдарымен, жергілікті мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, Қазақстанның архивтері мен музейлерімен бірге ынтымақтастықта өлкетану тақырыбындағы ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру болып табылады. Орталық қызметкерлері жергілікті ғалымдар, өлкетанушылармен бірігіп, қасиет-

ті, киелі жерлерді анықтау мақсатында жұмыс сапарымен Алматы, Ақмола облысы, Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында болды [8]. Ғылыми-сараптамалық кеңестің шешімімен жалпыұлттық маңызы бар қасиетті 100 нысан, жергілікті маңызы бар – 500 нысандар тізімінің жобасы анықталды.

Қорытынды

Жалпы Тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі уақытта еліміздің экономикасы, саясаты, әлеуметтік жағы биікке көтерілді. Соның ішінде көптің көкейінде жүрген мәселе – рухани дамуымыз. Мына әлемдік ықпалдар, осы заманғы технологиялар, түрлі ақпараттық мәліметтердің барлығы да өзіндік ықпалын жасап бақты. Десе де біз рухани жаңғыруға қадам жасай алдық. Ал рухани жаңғыру дегеніміздің өзі осындай ұлы мұраларды түгендеу. Бүгінгі күннің өзегі болып отырған – «Қазақстанның киелі жерлері», оның жан-жақты зерттеп, жүйелеу мемлекетіміздің мәңгілік елге айналдыратын алғышарттардың бірі ретінде.

Жоғарыдағы мәліметтерде Қазақстанның киелі жерлеріне жалпы сараптама берілген. Ал дінтанулық талдау жасау арқылы біз Қазақстанның киелі, қасиетті жерлеріне қағида тұрғысында кеңестік, атеистік тәсілден діни қасиеттілікке өту ерекшелігіне талдау беріп, жүйелендіреміз, әрине, өткен тарихты жаңадан ұғыну, Қазақстанның киелі жерлерін түсінуге әрекеттену заманауи тұрғыда жүзеге асырылуы осы мақаланың ғылыми жаңашылдығы болып табылады [2].

Қазақстанның киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасай келе, Елбасымыздың айтқандай (а) Назарбаев Н., 2017), «ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай рухани жаңғыру болмайды, өз мәдениетімізді сақтамасақ, жеке ұлттық кодымызды білмесек, ұлттық – мәдени тамырымыз тіреусіз болса қоғамымыздың жаңғыруы мүмкін емес» деген. Ұлттық кодқа жататын

ұлттық рухани мәдениеттің бірден бір маңызды құрамдас бөлігі Қазақстанның киелі жерлері болып табылады. Сондықтан, бүгін Қазақстанның киелі жерлерін қайта құрылуы, оларды кешенді зерттеу, жүйелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Осындай маңызды мәселенің тәжірибелік түрде нәтижесін шығару үшін төмендегідей міндеттерді алға қою керек:

- ең алдымен киелі нысандардың тізімін дайындау керек;

- әр нысанның сызбасын, видеосын, суретін түсіріп, анықтамалық сипаттамасын жасау керек;

- нысанға қатысты ғылыми және ауызша деректерді салыстырмалы түрде жинақтау керек;

- киелі жерлердің ел арасында шарапатымен есте қалған діни қызметкерлер мен имамшандар, ғалымдар туралы толық мәліметтер жинақтау керек;

- Қазақстанның киелі жерлеріне онтологиялық, мәдени-өркениеттік, діни және дінтанулық құралдары анықталатын болады;

- киелі жерлердің жағрафиялық тарихи даму кезеңдерін ескере отырып, осы кезеңдегі оның діни-құндылықтық аспектілерін, халықтың діни санасының даму ерекшеліктерін айқындау керек.

Жоғарыда көрсетілген міндеттермен қоса, ең алдымен, «киелі» ұғымын тереңнен көшпенділер құндылықтары тұрғысынан түсіндіріп қана қоймай, оның бүгінгі заман талабына сай тұжырымдамасын жасау, түсініктемелік дайындау, құпиялы тылсым сырын анықтау, киелі деп танылатын нысандардың тізімін, классификациясын жасау, паспортын және картасын дайындау, атқарылатын істің ауқымдылығы да маңыздылығы да, мазмұны да ашыла түсетіндігін ескере кету керек.

Қазіргі уақытта Қазақстанның киелі жерлері бойынша жүргізілетін жұмыстардың ең бастысы қоғамның рухани жаңғыруына үлкен ықпал ететіндігін және бұл бастаманың ғылыми маңызы терең екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1 Ақбаева А., 2017. 'Оңтүстіктің киелі жерлері туралы не білеміз'. // [Электронды ресурс]. URL: http://www.inform.kz/kz/ontustik-kazakstan-oblysynda-kieli-zherler-kop_a3050053. (айналым мерзімі: 30.07.2017)

2 Есеналиев Т., 2017. 'Рухани жаңғыру ұлттық мәдениеттен бастау алады'. [Электронды ресурс]. URL: <https://ege-men.kz/article/158468-rukhani-zhanhghyru-ulttyq-madenietten-bastau-alady>. (айналым мерзімі: 18.09.2017)

3 Kong L., 'Geography and religion: trends and prospects'. London, Progress in Human Geography, 1990. p. 355-371

4 МИД РК., 'Стратегический план Минкультуры и информации на 2009-2011 годы, утвержденный постановлением Правительства РК от 23 декабря 2008 г. №1204'. Казахстан-Европейский Союз: результаты и горизонты сотрудничества. Астана, 2007. 208-213 с.

а) Назарбаев Н., 2017 'Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру'. [Электронды ресурс]. URL: http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293. (айналым мерзімі: 12.04.2017)

б) Назарбаев Н., 'Ғасырлар тоғысында'. Алматы, Өнер, 1996. 272 б.

5 Серікжанқызы А., 'Қазақстанның киелі 100 нысаны жарияланды'. // [Электронды ресурс]. URL: http://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-kieli-100-nysany-zhariyalandy_a3055512. (айналым мерзімі: 16.08.2017). – 2017.

6 Сейілова А., 'Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы жасалынбақ'. // [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/qazaqstannynh-kieli-zherlerininh-geografiyasi-zhasalmaq>. (айналым мерзімі: 29.05.2017). – 2017.

7 Хасан С., 'Киелі мекендер қастерлі бола түседі', Айқын газеті, №167 (3239), 2017. 6-7 бб.

8 Seyilova, A. 'Kazakstannyn kiyeli zherlerinin geografiyasi zhasalynbak' [The geography of the sacred places of Kazakhstan will be created]. [Elektronny resurs]. URL: <https://egemen.kz/article/qazaqstannynh-kieli-zherlerininh-geografiyasi-zhasalmaq>. (aynalym merzimi: 29.05.2017). – 2017.

9 Khasan, S. 'Kiyeli mekender kasterli bola tysedi' [The sacred places are valued], Aykyn gazetі, №167 (3239), 2017. 6-7 bb.

10 Мүтәліпов Ж. Оркениет ұғымы – мәдениет философиясының басты категориясы. Қазақстан жоғары мектебі, – 2002: №4. 81-86.

References

1 Aqbaeva, A. 2017. 'Ontustiktin kieli jerleri twrali ne bilemiz' [What we know about the sanctuaries of the south]. [Elektronny resurs]. URL: http://www.inform.kz/kz/ontustik-kazakstan-oblysynda-kieli-zherler-kop_a3050053. (aynalim merzimi: 30.07.2017)

2 Esenaliev, T. 2017. 'Ruxani jangiru ulttiq madenietten bastau aladi' [Spiritual renewal begins with national culture]. [Elektronny resurs]. URL: <https://egemen.kz/article/158468-rukhanizhanhgyru-ulttyq-madenietten-bastau-alady>. (aynalim merzimi: 18.09.2017)

3 Kong, L. 1990. 'Geography and religion: trends and prospects'. London, Progress in Human Geography, p. 355-371

4 MID RK. 2007. 'Strategicheskiy plan Minkul'tury i informatsii na 2009-2011 gody, utverzhdennaya postanavleniyem Pravitel'stva RK ot 23 dekabrya 2008 g. №1204' [Strategic plan of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan for 2009-2011, approved by the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 23, 2008 №1204]. Kazakhstan-Yevropeyskiy Soyuz: rezul'taty i gorizonty sotrudnichestva. Astana, 208-213 c.

5 Nazarbayev, N. 2017 'Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru' [Orientation for the future: spiritual revival]. [Elektronny resurs]. URL: http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293. (aynalim merzimi: 12.04.2017)

6 Nazarbayev, N. 1996. 'Gasyrlar togysynda' [At the turn of the century]. Almaty, Oner, 272 b.

7 Serikzhankyzy, A. 2017. 'Kazakstannyn kiyeli 100 nysany zhariyalandy' [100 sacred sites of Kazakhstan were published]. [Elektronny resurs]. URL: http://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-kieli-100-nysany-zhariyalandy_a3055512. (aynalim merzimi: 16.08.2017)

8 Seyilova, A. 2017. 'Kazakstannyn kiyeli zherlerinin geografiyasi zhasalynbak' [The geography of the sacred places of Kazakhstan will be created]. [Elektronny resurs]. URL: <https://egemen.kz/article/qazaqstannynh-kieli-zherlerininh-geografiyasi-zhasalmaq>. (aynalym merzimi: 29.05.2017)

9 Khasan, S. 2017. 'Kiyeli mekender kasterli bola tysedi' [The sacred places are valued], Aykyn gazetі, №167 (3239), 6-7 bb.

10 Mutalipov Zh. Orkeniet ugymy – madeniet filosofiyasynyn basty kategorijasy. Kazakstan zhogary mektebi, – 2002: №4. 81-86.